

Түркістан қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 19 шілдедегі № 1103 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 шілдеде № 5147 болып тіркелді

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 29.11.2022 № 1804 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 12 баптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11148 болып тіркелді) бұйрығына сәйкес, Түркістан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын осы қаулының 1- қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 29.11.2022 № 1804 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Түркістан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Түркістан қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдануын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Түркістан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Түркістан қаласы әкімінің экономикалық мәселелер бойынша орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Р. Аюпов

Түркістан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 19 шілдедегі № 1103
қаулысына 1-қосымша

Түркістан қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 29.11.2022 № 1804 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	Қызмет саласы	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Түркістан қаласы, С.Ерубаев көшесі, Жеңіс саябағының аумағында	120	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
2	Түркістан қаласы, Есімхан атындағы алаңының аумағында	120	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
3	Түркістан қаласы, Б.Саттарханов көшесі, Жібек ж о л ы саябағының аумағында	168	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
	Түркістан қаласы, Шойынбет би				

4	және Арыс көшелері қиылысында	12	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Қазына" дүкені
5	Түркістан қаласы, Кентау тас жолы және Тәжібаев көшелері қиылысында	12	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
6	Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі, Қазыбек би атындағы аллеясының аумағында	36	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
7	Түркістан қаласы, Төле би және Жүсіп Қыдыр көшелері қиылысында	12	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
8	Түркістан қаласы, Отырар шағын ауданы, № 16 үйге қарама-қарсы	12	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Молшылық" супермаркеті
9	Түркістан қаласы, Отырар шағын ауданы, № 9 үйге қарама-қарсы	12	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
10	Түркістан қаласы, Отырар шағын ауданы, № 5 үйге қарама-қарсы	12	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
11	Түркістан қаласы, Отырар шағын ауданы, № 1 үйге қарама-қарсы	12	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Азық-түлік дүкені
12	Түркістан қаласы, Алаш Байтақ Жырау және Жәнібеков көшелері қиылысында	12	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
13	Түркістан қаласы, Жамбыл және Сабырханов	12	3 жыл		

	көшелері қиылысында			Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Райхан" азық-түлік дүкені
14	Түркістан қаласы, Н.Назарбаев атындағы алаңының аумағында	108	3 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ

Түркістан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 19 шілдедегі № 1103
қаулысына 2-қосымша

Түркістан қаласы, Жамбыл және Сабырханов көшелерінің қиылысы

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 29.11.2022 № 1804 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Түркістан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 19 шілдедегі № 1103
қаулысына 3-қосымша

Түркістан қаласы, Отырар шағын ауданы

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 29.11.2022 № 1804 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Түркістан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 19 шілдедегі № 1103
қаулысына 4-қосымша

Түркістан қаласы, Шойынбет би және Арыс көшелерінің қиылысы

Ескерту. 4-қосымша алынып тасталды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 29.11.2022 № 1804 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Түркістан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 19 шілдедегі № 1103
қаулысына 5-қосымша

Түркістан қаласы, Төле би және Байтұрсынов көшелерінің қиылысы

Ескерту. 5-қосымша алынып тасталды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 29.11.2022 № 1804 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Түркістан қаласы әкімдігінің

Түркістан қаласы, Кентау тас жолы және Тажибаев көшелерінің қиылысы

Ескерту. 6-қосымша алынып тасталды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 29.11.2022 № 1804 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).